

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERATURE

МРНТИ 17.82.30

Әшімбаева Ә.,¹ Тұрсынәлі Ж.,² Сабиғазина С.³

¹ *Шыңжаң университеті, Қытай*
^{1,2} *Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ,*
Алматы, Қазақстан

ҚАЗІРГІ БАЛАЛАР ПРОЗАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Аңдатпа

Мақалада қазақ балалар прозасы, соның ішінде тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген әңгімелерге талдау жасалады. Ұлтымыздың болашағы саналатын балалар әдебиетінің өзектілігі, оған мән берудің қажеттілігі дау тудырмайды. Қазіргі балалар әдебиетінің көркемдік сипаты, даму жағдайы, көтерген әлеуметтік мәселесі сынды дүниелерге мақалада нақтылы мысалдар негізінде талдау жасалады. Бала психологиясы қаншалықты нәзік, қаншалықты құнды болса, оған арналған әдебиеттің де талданып, өз деңгейінде сөз болып, мораль, адамгершілік, ұлттық құндылық хақындағы жазушы ойлары жеткілікті сөз болады. Автор өскелең ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарай білген және дер кезінде үн қоса білген қаламгерлердің шындықты өз бояуында, нанымды бере білген туындылардың көркемдік ерекшелігі мен құндылығын, оқырман жүрегіне жол тапқанын сөз етеді.

Түйін сөздер: балалар әдебиеті, балалық шақ, өнеге, дүниетаным, проза, құндылық, тұлға

Ashimbaeva A.,¹ Tursynali Z.,² Sabigazina S.³

¹ *Xinjiang University,*
China

^{1,2} *Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,*
Almaty, Kazakhstan

THE ARTISTIC WORLD OF MODERN CHILDREN'S PROSE

Abstract

The article tells that the main character traits are laid in childhood. It is during this period of growing up that a worldview and ideas about morality are formed, one of the main sources of which, of course, is children's literature. It is for this reason that, over time, people began to understand the need for the existence of works especially for children. Modern children's prose is developing, transforming, no worse than the one that was before. The problems of the past are being replaced by more urgent and fresh ones. The works of the latest children's literature are a treasure trove of the most important diverse information that you need to be able to reveal, discern, and read between the lines. Thus, the latest literature pushes us ourselves to seek morality, hidden meaning, which leads to the development of various spheres of personality. Today children's literature begins to return to its main task - the ethical education of the younger generation. Writers talk about morality, morality, mutual understanding between parents and children.

Keywords: children's literature, childhood, morality, worldview, prose, treasure, personality

Ашимбаева А.,¹ Турсунали Ж.,² Сабигазина С.³

¹ Синьзяньского университета, КНР

^{2,3} КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ МИР СОВРЕМЕННОЙ ДЕТСКОЙ ПРОЗЫ

Аннотация

В статье говорится что основные черты характера закладываются в детстве. Именно в этот период взросления формируются мировоззрение, представления о морали, одним из главных источников которых, безусловно, является детская литература. Именно по этой причине с течением времени люди стали понимать необходимость существования произведений специально для детей. Современная детская проза развивается, преобразуется, не хуже той которая была раньше. Проблемы прошлых лет заменяются более актуальными, свежими. Произведения новейшей детской литературы - это кладезь важнейшей разнообразной информации, которую нужно уметь раскрыть, разглядеть, прочесть между строк. Таким образом, новейшая литература толкает нас самих искать мораль, скрытый смысл, что ведёт к развитию различных сфер личности. Сегодня детская литература начинает возвращаться к своей основной задаче – этическому воспитанию подрастающего поколения. Писатели говорят о нравственности, морали, взаимопонимании родителей и детей.

Ключевые слова: детская литература, детство, мораль, мировоззрение, проза, кладезь, личность

Кіріспе. Қазақ балалар әдебиетінің негізін салып, арнайы оқулығын жазып, бағыт-бағдарын айқындап берген Ыбырай Алтынсарин заманынан бастап, бүгінгі тәуелсіздік кезеңінде іргелі, өрісті арнаға айналған балалар әдебиеті – ұлт руханиятының кесекті бір бөлшегі. Түрлі тарихи дәуірді басынан кешіріп, даму сатыларынан өткен балалар әдебиетінің көкжиегін кеңейткен ақын-жазушылардан қазақ әдебиеті де кенде емес. С.Бегалин, М.Әлімбаев, С.Мұратбеков, Ш.Әлдибекұлы, С.Сарғасқаев, М.Гумеров, Т.Молдағалиев, Е.Өтетілеуов, Ә.Табылдиев сынды қаламгерлер қазақ балаларының рухани жан-дүниесінің молайып, эстетикалық талғам-түйсігін қалыптастыруда және өмірге деген іңкәрлік, ынтызарлығын арттырып, азаматтық пен адамгершілікке тәрбиелеуде ерекше үлес қосқаны белгілі. Олардың балаларға арналған әрбір туындысының өз уақытымен үндес, бала психологиясына сай жазылған шоқтықты туындылар екенін уақыт дәлелдеген. “Бүгінгі балалар әдебиеті құрғақ ақылға, бояма суреттерге, жасанды іс-әрекеттерге зәру емес. Балалардың оқуына жеңіл, ұғынықты, оқиғалары қызғылықты әңгіме, өлеңдер көптеп саналады. Балалар тақырыбына жазатын қаламгерлер де жеткілікті. Тек олардың туындыларын көркемдік тұрғыдан талдау, сараптау жағы кемшін түсіп жатады”[1,169б.] деген пікірді ескере отырып, балаларға арналған әңгімелерді көркемдік талдаудың қажеттілігі айқындалды.

Әдістеме. Қазіргі балалар прозасының көркемдік әлеуетінде бала жанының қалтарысына үңіліп, нәзік те мөлдір сезіміне бойлай алған бірқатар туындылар баршылық. Солардың қатарында Л.Қоныс, Б.Сарыбай, А.Мантай сынды жазушылардың әңгімелеріне тоқталуды жөн санадық. Қала тіршілігі көрініс тапқан Бейбіт Сарыбайдың “Рауғаш ерте гүлдейді” әңгімесінің тілі жеңіл, сөйлемдері қысқа. Баланың оқып шығуына ауырлық тудырмайтын, жас ерекшелігіне, психологиясына салмақ түсірмейтін, бала тілімен жазылған туынды. Жалпы мазмұнынан әншілік өнері бар, сабақты жақсы оқитын, тіл алғыш, соны өзі мақтан тұтатын, ашық жарқын Рауғаш қызды танимыз. Әрине, оның шын аты оқырман үшін беймәлім болып қалады. Бірақ, автордың мақсаты – оның шын есімін білдіру емес, алыс тауларда ғана өсетін, өзі ерте гүлдейтін, тез пісіп, тез қатып қалатын, әркімнің қолы жете бермейтін рауғаш гүлінің айрықша қасиетін ұқтыру; сол арқылы аз ғана уақыт таныс болып, тез тіл табысып, тез ажыраған қыз бен гүлдің ұқсастығы барын түсіндіру. Әйтпесе, кейіпкерінің есімі кім екенін айту авторға қиын емес екені белгілі. Автор шығарма атауы мен негізгі кейіпкерін іштей сабақтастықта, өзара байланыста алу арқылы рауғаш гүлі секілді екеуінің арасындағы қызықты сәттің тым қысқалығын түсіндіреді. Шығарма фабуласына көз жүгіртсек, сабақты өте жақсы оқығаны үшін (онысы білініп те тұр, сабақ беретін мұғалімнің өзін сүріндірген екі пәнге қатысты сұрақтары баланың алғырлығын, зеректігін білдіреді) ата-анасының уәде бойынша берген ақшасына сіңлісі мен

інісін алып, саябақтан келе жатқан қуанышты көңіл-күйдегі қыз бала мен мұғалім жігіттің арасындағы шағын диалогтан құрылған шығарма. Автордың шеберлігі – осы шағын ғана диалог арқылы әңгіменің идеясын да, көтерген мәселесін де жинақы күйінде оқырманға жеткізе білгендігінде. Бір қарағанда әңгімеде алып бара жатқандай үлкен мәселе жоқ секілді, ал байыптай қарасақ, мұнда автор бала сөзі арқылы қазіргі таңда орын алған үлкен әлеуметтік проблеманы көтеріп отыр деуге болады. Ол – бала тәрбиесі проблемасы. Жазушы баланың “папам автобус айдайды. Ал мамам сол автобуста кондуктор. Таңғысын біз ұйықтап жатқанда кетеді де, түнде біз ұйықтап жатқанда келеді. Бір-бірімізді көп көре бермейміз. Өзіміз өсіп жатырмыз” деген өкінішке толы бір ауыз сөзі арқылы қазіргі қазақ қоғамында орын алған үлкен мәселенің бетін ашады. Баланың әр сөзі қорғасын құйылғандай ауыр: *“таңғысын біз ұйықтап жатқанда кетеді де, түнде біз ұйықтап жатқанда келеді, бір-бірімізді көп көре бермейміз, өзіміз өсіп жатырмыз”*[2]. Негізінен алғанда қазіргі отбасының көпшілігі дерлік дәл осындай ахуалды кешіріп отырғаны, ата-ананың бала қамы, отбасын асырауы үшін таңның атысы, кештің батысы жұмыс деп жүріп, балалардың өздері өсіп жатқаны жасырын емес. Ал бұл өз кезегінде бала тәрбиесіне үлкен әсер ететіні сөзсіз. Өйткені, баланың бәрі Рауғаш сияқты емес екені тағы белгілі. Бәрі бірдей өз бетінше сабағын тиянақты оқып, жақсы білім алып кетсе құба-құп. Тіпті бірінші тоқсанды беске аяқтағаны үшін баласына бес мың теңге беруінің өзі – анасының баласының алдында өз кінәсін сезінгендігі, балаға ашып ештеңе айтпаса да өзінің тиісті дәрежеде көңіл бөле алмағандығын іштей ойлап, сол қателігін жуып-шаю үшін көңілін аулап тұрғаны айқын. Әрине, бір жағынан балаға мотивация екенін де жоққа шығара алмаймыз, бірақ сол уәдесінде тұрып, бар сабағын беске аяқтаған баласын ертіп, паркте қыдыртуға да сол ата-ананың уақыты жоғының өзі өкінішті. Ал, әңгімеде көзге түсетін тағы бір ащы шындық – мұғалім үстіндегі киімнің тым қораштығы. Оны тіпті бала көзінен жасыру мүмкін емес. Баланың аузынан шыққан “мұғаліммін деп қояды, үстіне киіп алған киімді қарап қойсашы” деп күлуінің өзі көп нәрсені аңғартады. Ал одан кейінгі “Әй, мұғалім-ай, ұятқа қалдыңыз, иә. Егер сіз мұғалім болсаңыз, онда бізге оқудың керегі жоқ шығар” деген сөздерді де сынамалап енгізу арқылы автор мұғалімдердің арасында білімі орташалардың бар екенін меңзеп өтеді. Бұл кейіпкер-мұғалімнің өзіне қатысты болмаса да, жоғары оқу орнында оқымай, дипломды сырттай сатып алып, халықтың сеніп тапсырған баласын оқыта алмай, сөзге ілініп жатқан мұғалімдер де қаншама бүгінде. Міне, шағын дүниесінде автор осындай қадау-қадау мәселелердің көтере білген. Қолдан жасалып, ойдан шығарылған дүние емес, өмірдің өзінен алынған түйткілді жайтты қозғаған шығарма барынша шынайы, нанымды, шымыр шыққан. Бұл жазушының ұлттың көкейтесті мәселелерін түсінуден, соған шындап жаны ашудан, азаматтық толғанысынан туған түйінді деуге болады.

Нәтижелер. “Жаңбырлы көктем еді. Күні-түні жауған жаңбыр бір-біріне егіз қозыдай ұқсайтын ауылдағы қоржын үйлердің адамдарына көп қиыншылық тудырды. Елу жылдық тарихы бар үйлердің ескі шатырлары толассыз жауған жаңбырға төтеп бере алмай жарылып, сынып жатты. Сол кезде біздің үйге қонақ болып келген адам төрт бөлмеден жаңбыр суына арнап қойылған шылапшын, шелек, қазандарды көрер еді”[3] деп табиғат көрінісін суреттеумен басталатын жас прозаик Аягүл Мантайдың “Маргарита” әңгімесі де оқырмандар көңілінен шыққан туынды. Бір қарасаң, автор пейзажды суреттеп отырған секілді. Бірақ сол пейзаж арқылы үйлері бір-бірінен айнымайтын қазақы ауылды, оның шұрқ-тесік шатырлы үйлерін бірден көз алдымызға әкеледі. Мұнда бала психологиясы шебер өрілген. Әңгіменің артықшылығы автор бала ғана емес, ата-ананың да мінездемесін жақсы бере білген. Бая-аяғы жинақы, шашау шыққан бірде-бір сөз жоқ, композициясы шымыр, қызықты сюжетке құрылған әңгімеде автор қазақ пен неміс халқының арасындағы айырмашылықтарды жалаң баяндау, құрғақ сөзбен емес, нақ өмір шындығының өзінен, оқырманның көз алдында өзі күнде көріп жүрген, бірақ аса мән бермейтін жайлар арқылы безбендеген. Ең бірінші неміс халқының еңбекқорлығы, оны Федордың өз шаруасына мықтылығынан байқаймыз. Қазақ аулына көшіп келген Федордың шаруаға ұсынықтылығы ауылдың бар әйелінің жыры болды. “Көрші Федордың пысықтығын айтам, біздің үйден жиырма жыл бұрын салынған үйінің төбесінен бір тамшы су өтпейді. Ол, шіркін, күндіз-түні жауып жатқан жаңбырда үйінің шатырын қалай бүтіндеп алды екен? Сендердің жалқау әкелерің құдайдың жазында шатырды түгел ауыстырмақ тұрмақ, жамап-жасқауды білмейді. Не деген бейғам жан екенін білмеймін” деген қазақ әйелінің күңкілі арқылы еркектерінің бірқатары шаруағы қырсыз болып келетінін, үйдің тірлігінен гөрі түздің тірлігіне үйреніп кеткендігін, үкіметтің жұмысына тік барып, тік келетін адамдарды танимыз. Ал отбасындағы мұндай жағдайлар үшін күйеуін жамандап, оған әлі келмесе балаларына ұрысып, апшысын қуырып алу – көп әйелге тән қасиет екені белгілі. Оны да автор әдемі көрсете білген: “мамам әкем туралы әңгімені бір бастамасын,

бастаса аяқтауы қиын. Аудан орталығындағы педучилищеге құжаттарын тапсырып, оқуға түсейін деп жүрген жерінен әкемнің алып қашып кеткенін, күйеуге тиіп, қор болғанын, күйеуінің ауру атасы мен әжесін баққанын жыр етіп айтып барып тоқтайды” деген сөздердің жаны бар. Әйел затының дені күйеуін жамандағанда тоқтай алмай ұзақ сөйлейтін әдетін де жоққа шығара алмаймыз. Бас кейіпкерінің шаруаға қырсыздығын автор зілсіз ирониямен, астарлап жеткізеді. Оның бірі – тәтті тамақ үшін қазақ қыздарының неміс үйінен шықпауы, екіншісі балаларының үнемі кір-қожалақ болып жүретіні. Екі қазақ қызы Мәуе мен Құрбангүл неміс отбасы көшіп келгелі, оның өздерінен бір жас үлкен қызы Маргаритамен танысқаннан кейін ұйқыдан ояна сала беті-қолын жуар-жумас Маргаританың үйіне қарай жүгіреді. Үйлерінен түскі ас ішуді ұмытты, өйткені, Маргаританың анасы тамақты тәтті дайындайды: котлет, бифштекс, саңырауқұлақтан дайындалатын тағамдарды сол Маруся апайдың қолынан жеп көрді. Өз үйінде тәртіпке бағынбайтын бұл екі қыз Марусяның тәртібіне бағынып, түскі астан соң сол үйде жатып ұйықтауды да әдетке айналдырды. Осы тұста автор Құрбангүлдің анасының: - Маруся күнде екеуіңнің кірлеріңді жуып шаршайтын болды (жалаңаяқ жүретін ауыл қыздарының кір аяғына Маруся апай шошына қарайтын). Түсте үйге келіп ұйықтасандаршы. Әлде, аппақ жаймасыз ұйықтай алмайсыңдар ма? – деп күлген тілдік деталін енгізу арқылы кейіпкердің қызына күлу арқылы өзіне күліп тұрғандығын түсіндіреді. Оқырман ойға қалады, біле тұрып неге қызының аяғын жуып, аяқ киім кигізбейді. Қалайша ол да баласының астына ақ жайма төсемейді деп. Гүлзат тәте өзінен Марусяның артықшылығын біліп тұр, бірақ сондай болуға тырыспайтын бейғамдығы байқалады. Автор кейіпкер болмысын қаз-қалпында бере білген, одан идеалды бейне жасауға тырыспайды. Басты кейіпкердің құрбысы Құрбангүл екеуінің терезеден қарап тұрып, көрші үйдің қызыл шатырына қызыға қарауы, “біздің үйдің де шатыры осындай болса екен” деп армандауы, іштерінен ол үйде өздері емес неміс қызының тұратынын ойлап қызғануы – бәрі де сенімді. Үш қыздың балалық бал-дәурені бірге өтті. Бірге қуыршақ ойнады, арықтың суына бірге түсіп, күнге қыздырынды, көршінің бақшасынан бірге алма ұрлады, үшеуі қосылып Жексен атаға ән салып беріп, балмұздаққа ақша алды. Міне, балалық бал дәуренді тым қысқа суреттей келіп, Маргаританың неміс қыздары секілді тез есейіп, ата-анасының айтқанын қылмай, соңы трагедиямен аяқталатын шындық арқылы оқырман көңіліне үлкен ой түйеді. Шығарма барлық оқиғаның куәгері болған бала көзімен берілген. Оқырман баланың көзқарасы, баланың талдауы, бала ойларының жетегінде отырады. Автор оқырманын Мәуемен бірге жетелеп әкеліп, негізгі түйінді көрсетеді. Ол – тәрбие тал бесіктен екендігі. Маруся анасының айтқанын тындамай, тобықтан келетін шашын өз еркімен шолтитып кесіп тастаса, дәл соның жасында Мәуенің шашын басына жара шықты деп, әкесі рұқсат та сұрамастан тақырлап алып тастайды. Жастайынан тәртіпке бағынып өскен қазақ баласының бойындағы мейірімділік пен тазалықты, аңқаулықты дәріптеу арқылы автор оқырмандарын ізгілікке, бауырмалдыққа, ата-анасына деген құрмет пен сыйластыққа тәрбиелейді.

Талқылау. Қазіргі балалар әдебиетінде мифтік элементтер де көрініс тапқан. Қисынсыз қызық оқиғаны қуаламай, бала өмірінің көлеңкелі бір тұсын суреттеген жазушы Лира Қоныстың “Тиын” атты әңгімесіндегі әкесінің қайтқанына бір жыл да толмай тұрып, шешесінің көкбеттеніп, басқа еркекпен кетіп қалған қатігездігін көтере алмай, құсалықтан өлген бала трагедиясын қамықпай оқып шығу мүмкін емес. Бұл да – біздің өміріміздің шындығы. Қазақтың салт-дәстүріне берік арды ойлаған ана болса, мұндай әрекетке бармайтыны анық. Күйеуі өлгеннен кейін бір жыл қара жамылып отырудың өзінде үлкен мән бар екенін түсінбеген жас келіншектің, оған қоса “қарағым, тым құрығанда жылын күтсең болар еді” деген сөзін құлағына да ілмей, қарсы сөз қайтарып, ішінен шыққан баласын тірілей жетім етіп қалдырып бара жатқандығына өкінбейтін, сол бөтеннің етегінен ұстап кетіп бара жатқан безбүйректің алдағы өмірі қалай болары да белгісіз ғой. Қауқарсыз жас пен кәріні бірдей жетімсіретіп тастап кеткенмен оның бақыты баянды боларының өзі күмәнді. Осы оқиға арқылы қазіргі өмірімізде жауапкершілік дегеннің не екенін білмейтін санасыз, ойсыз жастардың көбейгендігін алға тартады.

Бала жанының болмысына тереңдеп үңілген жазушы қазіргі жайма шуақ заманда бала жүрегін тілгілеп, осындай азапқа салған оқиғаны жай ғана баяндай салмай, мифологиямен байланыста алуының сыры – оқырманына ой салу, қатігездіктің алдын алу, әрбір ата-ананың бала өміріне жауапты тұлға екенін тағы бір мәрте сезіндіру. Грек мифологиясына негізделген бұл әсерлі туындыда шешесінен тірілей айрылып, қайыр жоғын түсінген баланың ендігі жерде бар арманы – о дүниеге мезгілсіз кеткен әкесіне жету болады. Сол үшін, яғни ескекші Хиронға беру үшін ақша жинай бастайды. Ақша табудың соңы жылан шағып өлуімен аяқталады. Зерттеуші Б.Майтанов әдебиет ордасындағы тұрақты елші, көркемдік әлемінің жұлын-жүйкесі деп таныған психологизм бұл

әңгімеде кең орын алған [4]. Ол заңды да. Баланың ішкі жан-дүниесі, көңіл-күй толқынысы, сөз өнерінің сипат-қасиетіне бағындырыла суреттелген. Атасының жанында болса да сағыныштың зардабын тартып, жүрегі сазған қамкөңіл баланың психологиясын автор тереңінен бере білген. Салы суға кетіп, үнемі мұңайып жүруі, бар қызықтан, бар тәттіден өзін тыйып атасының сағыз, балмұздаққа берген бір тиынына дейін жұмсамай, өз мақсатына жету үшін тығып жүруі, баланың өзіне тән аңғал ойлары жүректі шымырлатады. Оқырман барынша балаға тілектес болып отырады. Құдды бір баламен бірге сен де тезірек ақша тауып, ескекшіге жеткің кеп отырады. Бірақ, баланың алдына қойған мақсаты – өлім екенін әрине, ол түсінген жоқ, өзі де айырып білген жоқ. Бірақ өмірінің еш мәні қалмаған баланың одан басқа амалы да жоқтай, бір түрлі жазушы шешімімен келіскендей де боласың. Шығарма оқырманын әрі-сәрі күйге түсіреді. Кемпірі мен жалғыз баласынан айрылған шалдың соңында қалған жалғыз тұяғы – немересінен айрылу сәті де терең психологизмге құрылған. “Осындай психологиялық жағдайларды жазушылар өз кейіпкерлерінің ішкі дүниесін толық ашуға, олардың бойындағы әртүрлі қасиеттері мен кемшіліктерді екіұдай түрде көрсетуге, адам мен қоғам арасындағы қайшылықты терең бейнелеуге, сөйтіп, өмірді, адам болмысын тануға пайдаланады” [5, 171б.].

Бейбіт Сарыбайдың бір отбасының тағдыры сөз етілген “Ақтабан” хикаятында қазақ отбасындағы жалғыз ұлдың басқа ортаға келіп, сіңісуі, балалықтан өтіп, бозбалалыққа аяқ басқан, есейген баланың психологиясын танимыз. Жанындағы балаларға өзіндік ықпалы бар кейіпкердің жақсы-жаманды ажырата, дұрыс-бұрысты тани білуін, ортаны қабылдау ерекшелігін автор бала көзімен нанымды сипаттаған. Шығарманың экспозициясында әкесінің атына мінгесіп, компас, сағатына дейін беріп, күшік алып келе жатқан, Махамбетпен бірге есейіп, тізгінге ие болып, арқа сүйер ешкімі жоқ болған соң, белін бекем буып, атқа мініп туған жерге оралған баланы танимыз.

Автор шығармасында композицияның сыртқы элементі – эпиграфқа үлкен мән берген. Туындының бар идеясын осы эпиграф көтеріп тұр деуге болады. Оңы мен солын танымаған, әкесінің мойнына мініп кеткен кіп-кішкентай баланың ер жетіп, есейген шағында кіндік қаны тамған туған жері – өз аулына оралды. Сол балалық шағының қимас күндерінің бәрі Ақтабанмен бірге өтті. Шығарма атауын ит атымен беру арқылы автор қазақтың жеті қазынаның бірі деп танып, құрметтейтін иттің адам өміріндегі мәніне тоқталады. Иесінің отбасын туған аулына нақ бір адам ұқсап шығарып салып, оң аяғын көтеріп, жәудіреп, көзінен жас ағып, шығарып салған иттің адалдығы, өз иесіне берілгендігі әдемі кестеленген.

Қорытынды. Түйіндей келгенде қазіргі уақыттың өзі талап етіп отырған белсенділікті, сергектікті балалар прозасынан айқын аңғаруға болады. Қазіргі балаларды ертегілік кейіпкерлермен қызықтыра, таңқалдыра алмайтынын түсіне білген қаламгерлер өмірлік мәселелерге арқа сүйеген. Шындықты өз бояуында, нанымды бере білген туындылар өз оқырманын тапқан деуге негіз бар. Көркемдік шындықты бейнелеуде мифологиялық кейіпкерлерді өз шығармаларына негіз етіп алып, сол арқылы тың туындыларымен балалар әдебиетінен өзіндік орнын алып үлгерген қаламгерлер де бар. Қазіргі қазақ балалар әдебиеті әлем әдебиетін жаулаған “суперкейіпкерлерді” емес, күнделікті өмірдегі жан-дүниесі таза қарапайым кейіпкерлерді дәріптейді. Балалардың күрделі де қызықты тіршілігін көркем түрде жеткізе алған балалар прозасының көркемдік даму сипаты айқын, уақыт талабына сай, баланың эстетикалық талғам-түсінігін қалыптастыруға, ой-өрісін жетілдіруге және адамгершілікке тәрбиелеуде өз үлесін қосады деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қадырбаев Н. Бүгінгі балалар әдебиетінің көркемдік сипаттары мен түрлері // Қазақ тілі мен әдебиеті және инновация мәселелері: халықар.ғылыми-практ.конф.матер. 25 сәуір 2008 жыл. – Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ, 2008. -388 бет. – – конференция материалдары.

2 Сарыбай Бейбіт. Рауғаш ерте гүлдейді: Проза. –Алматы, Жалын, 2009. -160 б. – кітап.

3 Мантай А. Маргарита. <http://www.elarna.com/video.php> - интернет дереккөздері.

4 Майтанов Б. қазақ романы және психологиялық талдау. –Алматы, Санат, 1996. -336б. – кітап.

5 Қазіргі әдебиет және фольклор. Монография. –Алматы, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. 2009. -391б. –кітап.

References:

1 Qadyrbaev N. Bügingi balalar ädebietiniñ körkemdik sipattary men türleri // Qazaq tılı men ädebieti jäne

- innovasia мәseleleri: halyqar. ğylymi-prakt.konf.mater. 25 säuur 2008 jyl. –Almaty, Abai atyndağy QazŪPU, 2008. -388 bet. – – konferensia materialdary.*
- 2 Sarybai Beibit. *Rauğař erte güldeidi: Proza. –Almaty, Jalyn, 2009. -160 b. – kitap*
- 3 Mantai A. Margarita. <http://www.elarna.com/video.php> - internet derekközderi.
- 4 Maitanov B. *qazaq romany jäne psihologialyq taldau. –Almaty, Sanat, 1996. -336b. – kitap.*
- 5 Qazırğı ädebiet jäne fölklor. *Monografia. –Almaty, M.Äuezov atyndağy Ädebiet jäne öner instituty. 2009. - 391b. –kitap.*
- 1 Smirnov P. İ. *Sosiologia lichnosti. – SPb., 2001. – 105 s. – kniga*
- 2 Gerodot. *İstoria // İstoriki antichnosti. T. 1. Drevnäia Gresia. – M., 1989.- kniga*
- 3 Platon. *Sobranie sochineni. – M., 1987. T. 3. – 238 s.- kniga*
- 4 Solonevich İ. L. *Narodnaia monarhia. – M., 1991. – 512 s. – kniga*
- 5 Berdäev N. A. *Ruskaia ideia. Osnovnye problemy ruskoï mysli XIX veka i nachala XX veka // Mysliteli ruskogo zarubejä. – SP b., 1992. – 540 s. - kniga*
- 6 Gurevich P.S., Şülman O.İ. *Mentälnöst, mentalitet // Külturologia. HH vek: Ensiklopedia. - T. 2. – SPb., 1998. - ensiklopedia*
- 7 Şilova, M.İ. *Cherty nasionälnogo haraktera: rosiski variant / M.İ. Şilova, N.İ. Malinovskaia // Pedagogika. - 2002. - № 8. – S. 24 - 28. – stätä*
- 8 Gorohova M. A. *Reprezentasia britanskogo nasionälnogo haraktera v paremiologicheskom fonde angliskogo iazyka: Diss. kand. filol. nauk. – Nijni Novgorod, 2017. – 204 s. – S. 23. – disertasia*
- 9 Safina A. M. *Nasionälnyi karakter v tatarskoï istoricheskoi proze (vtoraia polovina XX veka): Avtoref. diss. kand. filol. nauk. – Kazän, 2010. – 27 s. – avtoreferat disertasii*
- 10 Auezov M.O. *Kak ia rabotal nad romanom «Abai» i «Püt Abaia» // M.O. Auezov. Mysli raznyh let: İssledovania. Stati na kaz. İ rus. İazykah. – A., 1959.- stätä*
- 11 Auezov M. *Püt Abaia. Perevod pod red. A. Nikölskoï, T. Nurtazina, L. Soboleva. Kniga pertvaia. – Almaty, Ana tılı, 1997. – 328 s. – kniga*
- 12 Auezov M. *Püt Abaia. Perevod pod red. L. Soboleva. Kniga vtoraia. – Almaty, Ana tılı, 2004. – 328 s. – kniga.*

МРНТИ 17.09.91

Базылова Б.К.¹

¹ *Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан*

КОНЦЕПЦИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО ХАРАКТЕРА В ИСТОРИЧЕСКОМ РОМАНЕ

Аннотация

Статья посвящена исследованию концепции национального характера в романе Мухтара Ауэзова «Путь Абая». В художественной литературе национальный характер представляет особенность менталитета, мироощущения человека, в ней закрепляются национальные традиции народа. Национальный характер выражается в конкретных поступках, действиях героя. Это позволяет проследить его эволюцию, динамику и особенности развития на различных этапах национальной истории. В романе «Путь Абая» национальный характер показан посредством создания образа великого поэта Абая. В нем гармонично сочетаются представления о глубинных традициях народа, весь духовно-нравственный опыт предшествующих поколений и его эволюцию под влиянием времени.

Национальный характер, созданный М. Ауэзовым совместил в себя качества, которые существуют в реальной действительности, а также это результат творческого процесса, сознательного обобщения особенностей, свойств представителей определённой нации.

Ключевые слова: национальный характер, концепция, исторический роман, менталитет, традиции, поэт